

4 БӨЛІМ.

ӘДЕБИЕТТАНУ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

РАЗДЕЛ 4.

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ: ТРАДИЦИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

PART 4.

LITERARY STUDIES: TRADITION AND MODERNITY

ӘОЖ 82

ҒТАХР 17.01.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.034>

**МҰХТАР ӘУЕЗОВ ПЕН ЭРНЕСТ ХЕМИНГУЭЙ
ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК САБАҚТАСТЫҚ**

***Әділбекова Ж.Б.¹**

***¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан**

Аңдатпа. Бұл мақала Мұхтар Әуезов пен Эрнест Хемингуэй прозаларындағы көркем әдеби сабақтастықты салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан талдауға бағытталған. Зерттеудің негізгі мақсаты – ұлттық және тарихи-мәдени ортасы әртүрлі екі қаламгер шығармаларындағы ортақ идеялар мен көркемдік ізденістер үндестігін анықтау. Атап айтқанда, адам мен табиғат арасындағы байланыс, рух беріктігі, өмір мен өлім арпалысы, соғыс пен зорлыққа қарсылық сияқты жалпыадамзаттық тақырыптардың көрінісі екі автор прозасында салыстырыла зерттеледі.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – Әуезов пен Хемингуэй шығармалары арасындағы терең көркемдік және рухани үндестіктің мәнін және оның әдебиеттегі ерекшеліктерін кешенді түрде қарастыру. Практикалық маңыздылығы екі әдебиет өкілі шығармашылығы негізінде мәдениетаралық ықпалдастықты, көркемдік әдіс пен стильдік ізденістердің жаһандық әдеби үдерістегі орнын анықтаумен түсіндіріледі. Зерттеу барысында компаративистік, интертекстуалдық, стилистикалық және контент-талдау әдістері қолданылды.

Талдау объектісі ретінде «Көксерек» пен «Шал мен теңіз», «Қилы заман» мен «Қош бол, майдан!», «Қараш-Қараш оқиғасы» мен «Қоңырау кімге соғылады» сынды шығармалар алынды. Зерттеу нәтижесінде екі қаламгердің психологизм мен символизмге ден қоюы, «айсберг әдісі» мен астарлы монолог секілді көркемдік құралдарды қолдану ерекшеліктері айқындалды. Сонымен қатар қаламгерлердің гуманизм идеясы мен рухани төзімділік, әділет үшін күрес сынды моральдық-этикалық ұстанымдарындағы ұқсастығы сараланды.

Ұсынылған зерттеу жұмысында қазақ әдебиетінің әлемдік әдеби кеңістікпен тоғысуындағы көркемдік ықпалдастық мүмкіндіктеріне тоқтала келе, Әуезов пен Хемингуэй шығармашылығының рухани туыстығын жаңа қырынан бағамдауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін салыстырмалы әдебиеттану, мәдениеттану, көркем аударма теориясы салаларында қолдануға болады.

Тірек сөздер: Әуезов, Хемингуэй, салыстырмалы әдебиеттану, көркемдік үндестік, психологизм, символизм, гуманизм, айсберг әдісі, проза, адам мен табиғат, әдеби ықпалдастық, соғыс тақырыбы, рухани байланыс

Кіріспе

Әдебиет – ұлт руханиятының айнасы ғана емес, бүкіл адамзаттың ой-көкжиегін бір арнаға тоғыстыратын көркемдік кеңістік. Әр дәуірде өзіндік қаламгерлік қолтаңбасымен ерекшеленіп, әлем әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті қаламгерлер бар. Солардың қатарында Мұхтар Әуезов пен Эрнест Хемингуэй сынды жазушылардың есімі ерекше аталады. Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің мазмұндық ауқымын кеңейтіп, ұлттық сөз өнерін жаңа биікке көтерген бірегей жазушы, ал Эрнест Хемингуэй – әлем әдебиетіне терең философиялық мән мен жаңа көркемдік тәсіл енгізген америкалық суреткер.

Қос қаламгер әртүрлі тарихи кезең мен мәдени ортада өмір сүргенімен, олардың шығармашылық мұраларында тақырыптық, стильдік және философиялық тұрғыда өзара үйлесім мен рухани үндестік байқалады. Бұл үндестік – олардың адамзат табиғаты, өмір мен өлім, рухани құндылықтар жөніндегі ортақ толғаныстарынан көрініс табады. Әуезов те, Хемингуэй де заман шындығын көркем тілмен бейнелеп, адамның ішкі әлеміне үңіле білді.

Мұхтар Омарханұлы шығыс пен батыс әлемін әдебиет арқылы жақындастырып, мәдениеттер арасына рухани көпір орната білді. Қазақ қаламгері Джеймс Ф. Купер, Джек Лондон, Эрнест Хемингуэй және Джон Стейнбек тәрізді батыс жазушыларының шығармашылығына, әдеби ізденістеріне ерекше ден қойып, олардың көркемдік тәжірибесін бойына сіңірді, төл әдебиетімізді жаңаша дамытуға жол ашты.

М.Әуезов пен Э.Хемингуэй әрқайсысы өз ұлтының келбетін танытумен қатар әлемдік әдеби үдерістің өрісін кеңейткен, көркем сөз арқылы адамзаттық ой-санаға әсер еткен қаламгерлер. Олардың мұрасы тек әдебиет сүйер қауым үшін ғана емес, тұтас адамзатқа ортақ құндылыққа айналған.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Бұл зерттеуде Мұхтар Әуезов пен Эрнест Хемингуэй шығармаларындағы адам мен табиғат, соғыс және рух концептілерінің көркемдік және философиялық аспектілерін анықтау мақсатында салыстырмалы әдеби талдау әдістері қолданылды (Кесте 1).

Кесте 1. Қолданылған әдістер

Әдіс атауы	Қолданылу сипаттамасы
Тарихи-салыстырмалы әдіс	М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы ортақ тақырыптар мен көркемдік тәсілдерді салыстыру үшін қолданылды. Бұл әдіс авторлардың әдеби, тарихи және мәдени контекстіндегі үндестікті ашуға мүмкіндік берді.
Компаративистикалық әдіс	«Көксерек» пен «Шал мен теңіз», «Қилы заман» мен «Қош бол, майдан!» шығармаларының идеялық және стильдік байланыстарын талдауға бағытталды.
Интертекстуалдық талдау әдісі	Әуезов пен Хемингуэй туындыларындағы көркем мотивтер мен идеялардың трансформациясы мен үндестігін анықтауға қолданылды.
Контент-талдау әдісі	Мәтіндердегі табиғат, рух, күрес, соғыс тақырыптарын жүйелі түрде зерделеуге және қайталанатын концептілерді айқындауға мүмкіндік берді.
Лингвистикалық-стилистикалық әдіс	Авторлардың стилистикалық ерекшеліктері мен тілдік құралдарын салыстыра отырып, көркемдік құрылымдарды зерттеуге негізделді.

Табиғат, рух пен адам концептілерін қамтитын Мұхтар Әуезов пен Эрнест Хемингуэйдің маңызды туындылары іріктеу материалы ретінде алынған (2-кесте). Олардың шығармаларындағы ортақ және айрықша тақырыптық, стильдік әрі дүниетанымдық қырлар сараланып, талдауға мүмкіндік туды.

Кесте 2.Зерттелген шығармалар

Мұхтар Әуезов шығармаларынан	Эрнест Хемингуэй шығармаларынан
«Көксерек» – адам мен табиғаттың трагедиялық түйіні	«Шал мен теңіз» – табиғатпен күрес, рух төзімділігі
«Қараш-Қараш оқиғасы» – әлеуметтік әділет, күрес	«Қош бол, майдан!» – соғыс пен махаббат қақтығысы
«Қилы заман» – отарлық езгі мен адам тағдыры	«Қоңырау кімге соғылады» – ерлік пен идеал үшін күрес

М. Әуезов пен Э. Хемингуэй – ұлттық болмысы, көркемдік өрнектері әр басқа болғанымен, стильдік ерекшеліктерінен тыс, шығармашылық әдістерінде белгілі бір үндестік байқалатын суреткерлер [1, 92-б.].

Әсіресе, психологизм мен символизм тұрғысынан ортақ көркемдік ұстанымдар айқын сезіледі. Хемингуэйдің жазу мәнері әдебиетте «айсберг әдісі» деп аталатын тәсілмен танымал: ол оқиғаның терең мазмұнын ашық айтпай, астармен жеткізуге, оқырманды ойға жетелеуге мән береді. Бұл тәсіл қысқа да нұсқа диалогтер, іс-әрекет арқылы ой тастауымен ерекшеленеді және осындай шеберлік жазушы шығармаларына философиялық тереңдік пен бейнелі нақтылық сыйлайды.

Зерттеуші О. Лазуткина Хемингуэйдің баяндау мәнері қарапайым әрі ықшам, сөзінің тереңінде әлдеқайда күрделі мазмұн мен мағына жасырынғанына назар аударады. Белгілі айсберг құбылысы сияқты – мұхит бетінде оның тек сегізден бір бөлігі ғана көрінеді, ал қалған жеті бөлігі су астында болады. Хемингуэй шығармаларында сыртқы оқиға мен әрекет тек көріністің беткі жағы ғана, ал оның түбінде терең психологиялық, философиялық астар бар деп топшылайды [2, 97-98-бб.].

Хемингуэй шығармаларында сырттай оқиға қарапайым болғанымен, ішкі мазмұны аса күрделі. Бұл жазушының «көрінбейтін мазмұнға» негізделген баяндау стилімен тікелей байланысты. Сол сияқты Әуезов те кейіпкерінің ішкі сезімін, жан толғанысын психологиялық астар арқылы береді. Мысалы, «Қилы заман» повесінде қоғамдық өзгерістер тұсында «жаңа адамның» қалыптасуы күрделі рухани процестен өтеді. Мұнда да ішкі әлем динамикасы, кейіпкердің моральдық эволюциясы алдыңғы орынға шығады [3, 1285-б.].

Америка зерттеушісі John Beall Хемингуэйдің «Түстен кейінгі өлім» («Death in the Afternoon») шығармасында кейбір мағыналық детальдарды автор әдейі жасырын қалдырғанын атап көрсетеді, бұл тәсіл айсберг бейнесімен байланыстырылып, көрінетін бөліктің артында символдық қабат жатқанына назар аудартады [4, 185-б.].

Зерттеуші ғалым Ә. Тарақов монтаж (құрастыру), архитектоника, кідірістерді, диалогты үзіп тастау, ырғақтар ауысымы сияқты түрлі тәсілдерді Э. Хемингуэйдің өз туындыларында шеберлікпен пайдаланғанын атап өтеді [5, 282-б.].

Әуезов те прозалық туындыларында терең психологизмге қол жеткізіп, кейіпкердің ішкі жан дүниесін нәзік детальдар мен астарлы монолог арқылы терең әрі шебер бейнелей білді. Мәселен, «Көксерек» әңгімесінде жазушы тікелей үгіт-насихат айтуға бармай, оқиғаны сырттай баяндау арқылы оқырманды қалың ойға жетелейді: «Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап дүбірлетіп келді, айқай-дабыр молайды. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да, екінші біреуін – ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды...» [6, 8-б.].

Қасқырлар мекенін адамдардың ойрандап, бөлтірікті күшпен тартып алған сәтінен басталған оқиға, ақыр соңында сол қасқырдың адамға шабуыл жасауымен аяқталады: «Екпіндеп секіріп, ырылдап кеп баланы бас салды. Бұл бала Құрмаш еді. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнені болатын. Үстіне гүрілдеп қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылады. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені – сол... Содан әрі баланың үні өшті» [6, 25-б.].

Robert O. Stephens «Hemingway's Old Man and the Iceberg» мақаласында «Шал мен теңіз» повесіндегі қарапайым оқиғаның терең философиялық астары барын және Сантьяго бейнесі арқылы адамның өз табиғатымен күресі символдық түрде көрсетілетінін атап өтеді [7, 295-б.].

Шығарманың соңы шын мәнінде, табиғатты күшпен бұзған зұлымдықтың өз иесіне қайта соққан жауапты сәті, ал оны оқырман автордың астарлы баяндауы арқылы өзі пайымдайды. Осындай көркемдік тәсіл Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесінде де орын алады: Сантьягоның ішкі ойлары мен күйзелісі көп жағдайда өз-өзімен тілдесу, үнсіздік және

әрекет арқылы беріледі: «Әттең, қасымда серік баламның жоғы-ай, – деді шал үн қатып, қайықтың тұмсық жағының дөңгелек ернеуіне арқасын тұра келтіріңкірей сырғыңқырап отырды. Иығына қармақтың бауы қатты батып, қайықты әйтеуір бір бағытқа сүйреп әкетіп бара жатқан алып балықтың күші сезіліп тұрды. Мен жасаған зұлымдықтың салдарынан осы күйге тап болды, бұл балық. О, ғаламат!» [8, 17-б.].

Екі жазушы да кейіпкер болмысының астарлы қырларын ашуда шынайылық пен ықшамдылыққа негізделген көркем баяндауға ден қойған.

Нәтижелер және талқылау

1920-30 жылдар – АҚШ әдебиетінің «алтын кезеңі» саналады. Бұл уақытта әлемдік деңгейдегі көркем туындылар дүниеге келді. XX ғасырдың орта шенінде америка прозасын дамытқан қаламгерлер қатарында Андерсон, Фицджеральд, Фолкнер, Хемингуэй, Стейнбек сияқты жазушыларды ерекше атауға болады [5, 230-б.].

Әуезов пен Хемингуэйдің шығармашылық әлемінде табиғат пен адам арасындағы үйлесім, рух беріктігі мен өмір сынағына қарсы күрес – басты тақырыптық арқауға айналды.

М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі мен Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі адам мен табиғаттың мәңгілік тайталасын көркем тілмен бейнелеген туындылардың қатарында. «Көксерек» шығармасында жазушы адам мен түз тағысы арасындағы күрделі қарым-қатынасты табиғаттың бұлжымас заңдылықтары тұрғысынан суреттейді.

Әдебиеттанушы ғалым Р. Нұрғали «Көксерек» повесінде бейнелі ойдың терең символдық мәнге ие болып, әуенді сарыны арқылы ауқымды идеяға ұласқанын, сондай-ақ сахара өмірінің шындығы қанық түстермен, әсерлі көркемдікпен суреттелгенін атап өтіп, бұл туындының ұлттық әдебиет аясынан асып, әлемдік деңгейдегі көркем мұралар қатарына енгенін тебірене жазады [9, 166-б.].

«Көксерек» әңгімесінде жазушы адам мен түз тағысының күрделі қарым-қатынасын табиғат заңы тұрғысынан көрсетеді. Адам қолында өскен бөрі есейгенде еркіндікке ұмтылып, түзге қашады. Жыртқыштық болмысына басқан Көксерек бір күні қой бағып жүрген кішкентай Құрмашқа тап беріп, баланы мерт қылады. Қасқырдың бір құлағының астындағы енінен танып, оған «Көксерек!» деп жалбарынған Құрмаштың өз қолында өсірген бөлтірігінен қаза табуы – адам мен табиғат байланысының трагедиялық шыңы. Ақыры ашынған ауыл адамдары қасқырды өлтіріп, өлігін Құрмаштың шешесіне алып келеді. Зар еңіреген ана: «Қуарған-ай, ненді алып ем?!.. Не жазып едім?!.. Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді, менің құлыным?!.. – деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті», - деумен аяқталған драмалық шешім арқылы Әуезов адам мен табиғат арасындағы үйлесім бұзылса, оның ақыры қайғы-қасіретке ұласатынын астарлап жеткізеді [6, 40-б.].

Табиғат заңдылығына қатысты тақырып Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесінен де орын алады.

Әлемге танымал бұл туынды 1952 жылы Нью-Йоркте жарық көрді. «Шал мен теңіз» повесін қазақ тіліне алғаш рет 1966 жылы белгілі жазушы, әдебиеттанушы ғалым Нығмет Ғабдуллин аударып, Хемингуэйдің бұл шығармасы арқылы тұтас бір өмірді – сенім, үміт пен табандылықты көркем бейнеде жеткізе білгенін атап өтеді [8, 294-б.].

Берілген туындыда Кубалық қария Сантьяго табиғаттың ажырамас бір бөлшегі саналатын теңізде алып балықпен аңшы мен олжа арасындағы жанкешті тартысқа түседі. Қос шығармада адам мен табиғаттың біте қайнаған, нәзік тепе-теңдікке құрылған байланысы мен сол үйлесімді іздеу үдерісі суреттеледі. Хемингуэйдің Сантьягосы теңізді анасына теңеп, жан-тәнімен жүгініп, алып балықпен жан алып, жан берісіп арпалысса, Әуезовтің кейіпкері Құрмаш – бөлтірікті бауырына басып, оған адамдық мейірім мен жылулық сыйлауға ұмтылады.

Алайда қос шығармада да адам мен жыртқыш арасындағы қақтығыс қайғылы түйінге ұласады. Сантьяго бірнеше күнге созылған қажырлы күрестен кейін ұстаған алып балығын акулалар талап жеп, жағаға тек сүйек-саяғын ғана алып оралады: «Акулалар қайықтың тұмсық жағына үймелесіп қалған екен; жайынға бірінен соң бірі ұмтылып, оның етін дал-дұл ғып жұлып жеп жатыр. Кейін қарай шегіне беріп, жеміне қайыра атылады. Ақыр соңында бір акула жайынның дәл басына ұмтылып жүзіп барды, балықтың қауқиған басынан өзге дымы қалмағанын шал сонда білді:

– Акулалар маған бой бермеді, Маналин. Олар жеңді мені, - деді қарт.
– Дегенмен, саған жайынның шамасы келген жоқ қой! Ол сені жеңе алмады ғой! – Оны айтып қайтесің, болары болды» [8, 367-б.] – деп, Сантьяго жауап береді.

Ал Құрмаш – қасқырдың талауына түсіп, жас ғұмыры қыршыннан қиылады. Екі қаламгер де табиғат пен адам арасындағы мәңгілік қайшылықта табиғаттың құдыретіне мойынсұну қажеттігін меңзейді.

Сонымен қатар Әуезов пен Хемингуэй шығармаларында соғыс пен зорлық-зомбылық тақырыбы да ортақ желі ретінде көрініс табады. Мұхтар Әуезовтің 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті арқау еткен «Қилы заман» повесі мен Эрнест Хемингуэйдің Бірінші дүниежүзілік соғысты суреттейтін «Қош бол, майдан!» («Farewell to Arms») романы, сондай-ақ Испаниядағы азамат соғысы шындығын бейнелейтін «Қоңырау кімге соғылады» («For Whom the Bell Tolls») атты туындысы арасында идеялық сабақтастық пен рухани үндестік бар.

А. Момбектің зерттеуінде Бірінші дүниежүзілік соғысты бастан кешкен жазушылардың «жоғалған ұрпақ» өкілдері ретінде танылып, шығармаларында соғыстан кейінгі рухани күйзелісті бейнелейтіні айтылады. Осы бағытта Э. Хемингуэйдің «Арайлап атқан таң» (1926) және «Қош бол, майдан» (1929) романдары мысалға алынды [10, 498-б.].

Әуезов «Қилы заманда» отаршылдық езгіге қарсы қазақ халқының қарсылығын эпикалық кең тыныспен бейнелеп, ұлт еркіндігі жолындағы күресті көркем шындық деңгейінде сомдайды.

Зерттеуші М.Ф. Булычёваның пікірінше, Хемингуэйдің жазушылық болмысының қалыптасуына Бірінші дүниежүзілік соғыс айтарлықтай әсер еткен. Оның шығармашылығының басты желісі соғысқа қарсы тақырыппен тығыз байланыста беріледі. Зерттеуші атап өткендей, Хемингуэй соғыстың үнемі адамзаттық трагедия ретінде бағалағанымен, уақыт өте келе бұл құбылысқа деген көзқарасы да өзгеріп отырған. Ол буржуазиялық патриотизм, ар-намыс, азаматтық парыз тәрізді ұғымдарды сынға ала отырып, империалистік соғыстың қатыгез әрі адамзатқа жат табиғатын бейнелейді [11, 298-б.]

«Қилы заман» повесінде М. Әуезов Албан елінің асау табиғатын, жайлаудағы жаймашуақ тіршілігін әсем бедерлеп, табиғатпен үндескен ел өмірінің үйлесімін тамылжыта суреттейді: Киіздей қалың көк шалғынды Қарқара жазығы ерте күннен бай албанның құт берекелі жайлауы еді. Мыңдаған жылқы, сан қора қой ала жаздай ірге аудармай жабысып, жалмап жатқанда, бұл жазықтың жібектей толқыған өскелең шалғыны сыр білдірмей шыдайтын. Әрбір жауын екілендіріп, өршелендіріп түсіргендей құлпыртып, жетілтіп отыратын. Түн асса тыңайып, жетісіп қалатын құт даласы: осы жәрмеңкедей, мал кезіне әдейі арналып жаралғандай еді.» [6, 90-б.]

Алайда бұл мамыражай күй көп ұзамай аласапыран трагедияға ұласып, тыныштықтың тас-талқаны шығады. Қарқара жәрмеңкесі қанды оқиғаның куәсіне айналып, зар-мұңға толы халық көтерілісінің оты тұтанады: «...ескі жәрмеңке үлкен өрттің құшағына кіріп, қара түтіннің астында тұншығып, бықсып, жоталап бара жатқан шақта қалың албанның елі де Қытайға қарай бет түзеді. Салқар-салқар болып, қайтқан қаздай тізіліп, ауа көшіп тартып берді. Артында қара түтін боп жәрмеңке қалды. Иесіз болып қанырап Алатаудың жайлауы қалды. Құлазып қыстау, қоңырсып жұрт қалды. Кіндігін кескізіп, кірін жуған момындық күн қалды. Албан албан болғалы қыстың жұтын, жаздың індетін көрсетпеген, жер кіндігі – ата қоныс мекені қалды.» [6, 245-б.]

Бұл сәт – бейбіт өмір мен отарлық қысымның қақтығысын символдық деңгейде бейнелейтін маңызды көркемдік шешім.

Осы көркем баяндау арқылы Әуезов соғыстың адам өміріне әкелетін қайғы-қасіретін ғана емес, әділетсіздікке қарсы туған халықтың бостандыққа деген үмітін, еркіндікке ұмтылған жан айқайын жан-жақты ашып көрсетеді. Ал Хемингуэйдің соғыс тақырыбындағы туындылары да майданның шындығын, оның құрбанына айналған қарапайым адамдардың трагедиясын тереңінен бейнелейді. Жазушы шығармаларында соғыстың мәнсіз табиғаты, адам еркі мен ерлігінің шекарасы, рухани күйзеліс мәселелері өткір қойылады. Мысалы, «Қош бол, майдан!» романында жас офицердің майданнан түңіліп, сүйгенімен бірге қашып, ақырында тағдыр тауқыметіне ұшырауы арқылы автор соғыс пен махаббаттың табиғаты кереғар екенін, зорлықтың жеке тағдырларға зілдей салмақ салып, қайғы әкелетінін шебер суреттейді. Дәл осы сарында Мұхтар Әуезов те «Қилы заманда» отарлық езгінің зұлымдығы талай отбасының шаңырағын шайқалтқанын, халық қасіретін терең трагедиялық мазмұнда көрсетеді.

Ал «Қоңырау кімге соғылады» романында партизан Роберт Джордан көпірді жару миссиясын орындау жолында өз өмірін құрбан етеді. Бұл бейне – ұлтының азаттығы үшін жанын қиған, ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған Ұзақ, Жәмеңке секілді тұлғалармен идеялық-рухани үндестікте өріледі. Сол сияқты Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасындағы» Бақтығұл да үстем тап өкілінен әділдік талап етіп, ақыр соңында заң жолын емес, қару ұстаған әдісті таңдайды. Ол – күрделі тағдыр иесі, қасіретті таңдауға мәжбүр болған жан. Осы мысалдар екі жазушының да қоғамдағы әділетсіздікке, зұлымдыққа қарсы күрес тақырыбын шығармашылық өзегіне айналдырғанын дәлелдейді. Әдебиеттанушы ғалымдар бұл еңбекті қарапайым адамдар арасындағы әділетсіздікті сипаттайтын шығарма ретінде бағалап, оны саяси қуғын-сүргінді тұспалдап көрсететін аллегориялық туынды деп есептейді [12, 410-б.].

Олар үшін шынайы ерлік – жан алып, қан төгуде емес, адамгершілік пен ар-ожданды сақтауда. Екі суреткер де соғыс пен зорлық-зомбылықты адамзаттың ортақ қасіреті ретінде қабылдап, өз кейіпкерлері арқылы гуманизмнің биік идеяларын паш етеді.

Сондай-ақ, Әуезовтің кейбір шығармаларында Хемингуэйге тән қысқа да нұсқа сөйлем құрылымы мен оқиғаны қарқынды, динамикалық баяндау үлгісі анық аңғарылады. Мәселен, «Қараш-Қараш оқиғасындағы» қуғын-сүргін көрген кейіпкердің қашу сәттері, тау ішіндегі атыс эпизодтары өте ықшам, ширақ баяндалып, оқырманды бірден оқиға ағынына тартады. Мұнда автор терең психологиялық талдауға бой ұрмай, әрекеттің өзімен көркемдік әсер тудырады. Бұл тәсіл – Хемингуэйдің әскери және аңшылық тақырыптағы әңгімелерінде кең қолданылатын көркемдік әдіс және оның Әуезов прозасынан да өзіндік реңкпен көрініс тапқаны байқалады. Шын мәнінде, Мұхтар Әуезовтің жазушылық тұлғасының қалыптасуына орыс және шығыс классиктерімен қатар Батыс әдебиетінің озық дәстүрлері де елеулі ықпал еткені тарихи шындық.

М. Әуезовтің өзі де 1920-30 жылдары әлем әдебиетінің озық туындыларын оқып, олардың көркемдік тәсілдерін меңгерді. Соның нәтижесінде оның әңгіме-повестерінде ХХ ғасыр прозасындағы жаңа ағымдар (экспрессионизм, экзистенциализм) көрініс тауып отырды. Мысалы, «Көксеректе» жануар психологиясын суреттеу бар, бұл Хемингуэйдің «Жаңбырдың астында қалған мысық» («Cat in the Rain») секілді әңгімелеріндегі жануар арқылы астарлау әдісін еске салады. Тағы бір мысал, Хемингуэй диалог арқылы көп жайтты аңдатып, үнсіздіктің өзін мәнді элементке айналдырса, Әуезовтің «Қилы заман» повесінде диалогтер арасындағы кідіріс, ишара арқылы кейіпкерлердің ішкі күйзелісі көрсетілген. Яғни, диалог пен детальдың ақпараттық жүгі екі авторда да өте салмақты. Осы тұрғыдан, Әуезовтің көркем прозасы дүниежүзілік әдебиеттің жетістіктерін сіңіре отырып қалыптасқанын айтсақ, Хемингуэйдің ықпалды үлгісі де өз жемісін бергенін аңғаруға болады. Әуезов әңгімелеріндегі жинақылық, оқиға ауанының реализмге

құрылуы, өмірді бүкпесіз көрсетуі – Хемингуэй шығармашылығымен үндес сарындар.

Демек, стиль тұрғысынан Әуезов Хемингуэйді тікелей қайталамаса да, екеуінде ортақ эстетикалық ұстанымдар өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдырудағы реалистік көзқарас анық үйлеседі.

М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы ең басты рухани үндестік – жалпыадамзаттық құндылықтарды ардақтау, адам болмысының қадір-қасиетін дәріптеу. Ұлы Абайдан бастау алған гуманистік көзқарасты мұра еткен Мұхтар Әуезов бүкіл шығармашылық ғұмырында адамгершілік, имандылық, әділдік тақырыптарын көтерді. Оның эпикалық туындысы «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ қоғамының рухани жаңғыру жолын, зұлымдық пен надандыққа қарсы күресін, өнер мен білім арқылы алға басу идеясын паш ететін еңбек. Сол сияқты Әуезовтің көптеген әңгіме-повестерінде жақсылық пен жамандықтың мәңгі күресі, әділдіктің ақталуы, адам рухының жеңісі суреттеледі. Мәселен, «Қараш-Қараш оқиғасында» әділетсіздікке қарсы шыққан Бақтығұлдың ісі оқырманды екіұшты сезімде қалдырса да, автор оның жан айқайын түсіністікпен жеткізеді. Ал «Қилы заманда» халқының бостандығы үшін бас көтерген Асан, Ұзақ секілді қайраткерлер бейнесі арқылы Әуезов ұлт намысы, ерлік пен қауым бірлігі идеясын көтереді. Бұл мазмұндағы идеялар Хемингуэй шығармашылығында да аса маңызды орын алады. Хемингуэйдікі – басқа тарихи, өркениеттік контекст, бірақ оның туындыларындағы адамзаттық мәселелер әр халыққа ортақ, жақын келеді. Жазушының «Шал мен теңіз», «Қош бол, майдан!», «Килиманджаро – қарлы тау» сынды шығармаларын талдай отырып, зерттеушілер «Хемингуэй шығармаларындағы адамдар арасындағы рухани байланыс мәселесі жалпы адамзат мәселесімен ұштасады» деп көрсетеді [1, 104-б.].

Шынында, Сантьяго бейнесінде адамзатқа ортақ қайсар рух, үміт пен наным көрініс берсе («Шал мен теңіз»), жас офицер Фредерик Генри бейнесінде («Қош бол, майдан!») соғыстан түңілген, бірақ махаббат пен адами жылулықты бәрінен биік қоятын гуманистік сана көрініс тапқан:

«Бейшара балақай-ай! Соған ұқсап өзімнің де тұншығып өлмегенім қандай өкінішті. Жок, өкінішті емес. Дегенмен, онда өзгегінді өртерлік осынау өлімдерге куә болмасаң едің-ау. Енді Кэтрин өлмек. Қарашы, бәрінің немен аяқталатынын. Өліммен. Бұның сыры неде екенін де білмейсің. Біліп үлгермейсің. Сені алады да өмір ағысына лақтырып кеп жібереді. Және ережелер айтады. Сосын қамсыз отырған сәтінді қапылыста басқан алғашқы жолы-ақ саған жан тапсыртады. Болмаса Аймо сияқты себепсізден-себепсіз өлтіреді де тастайды. Болмаса Ринальди сияқты мерез жұқтырады. Бірақ ерте ме, кеш пе әйтеуір сені өлтіріп тынады. Бұған ешқандай күдік келтірмей-ақ коюыңа болады. Күт те отыр, сен өз өліміңді табасың» [13, 300-б.].

Хемингуэй кейіпкерлерінің ұстанымы көбіне «адам төзуге жаралған» деген ұстанымға негізделеді. Сантьягода бұл қағида анық айтылады: «Бірақ адам күйреу үшін жаралмаған. Адамды құртуға болар, ал, жеңуге болмайды, – деді қария [6, 63-б.].

Осы бір әйгілі афоризм «But man is not made for defeat,» he said. «A man can be destroyed but not defeated» [14, 101, 103-6.] – Хемингуэй дүниетанымының өзегі. Яғни адамды сыртқы тағдыр ауыртпалығы қамырша илеп, морт сындырса да, оның рухы жеңілмеуге тиіс. Мұндай идея Әуезов шығармаларының лейтмотиві. Мысалы, «Абай жолында» Құнанбайдың озбыр ортасына жалғыз қарсы тұрған Абай да қанша қиындық көрсе де, рухани мұратынан таймайды, ел, әділет үшін күресуден жалтармайды. Сол секілді Бақтығұл дұшпанын өлтіріп, қашуға мәжбүр болса да, оқырман оның рухани жеңіліс таппағанын сезінеді, ол намысы тапталғанда ғана қылмысқа барды, басына түскен нәубет оны қаһармандық жолға салды. Бұл тұрғыдан Әуезов кейіпкерлері рух биіктігімен ерекшеленеді. Олардың көпшілігі ішкі қайсарлығының арқасында қоршаған орта зұлымдығына моральдық тұрғыдан төтеп береді. Осы құндылық тұрғысынан Әуезов пен Хемингуэй үндес: екеуі де адам рухының беріктігін, өмірдің мәні күресте екенін насихаттайды. Хемингуэйдің «Қоңырау кімге соғылады» романындағы Роберт Джордан фашизмге қарсы күресте өмір мен өлімнің шегінде жүріп, өз сенімі мен ар-ожданын сақтап қалуға тырысатын кейіпкер. Ал Әуезовтің кейіпкерлері – ұлттық санасы оянған, рухани азаттықты көздеген жандар, олар қазақ қоғамындағы әлеуметтік әділетсіздік пен надандықпен күреседі. Екі автордың да кейіпкерлері де сыналады, бірақ сол сынақтардан сүрінбей өтіп, өз болмыстарын жоғалтпауға ұмтылады (3-кесте).

Кесте 3. Салыстыру аспектілері

С а л ы с т ы р у аспектісі	М. Әуезов	Э. Хемингуэй
Адам мен табиғаттың байланысы	«Көксерек» әңгімесінде қасқыр мен адамның қақтығысы арқылы табиғатпен үйлесімнің бұзылуы көрсетіледі.	«Шал мен теңіз» шығармасында Сантьяго мен теңіз, балық арасындағы күрес арқылы табиғатпен байланыс ашылады.
Рух қайсарлығы мен күрес	Абай, Бақтығұл, Оспан секілді кейіпкерлер күрес үстінде рухани биік көрінеді.	Сантьяго, Роберт Джордан секілді кейіпкерлер қайсар рухымен ерекшеленеді.
Соғыс пен зорлық тақырыбы	«Қилы заман» мен «Қараш-Қараш оқиғасы» арқылы отарлық езгі мен зорлыққа қарсы күрес бейнеленеді.	«Қош бол, майдан!» мен «Қоңырау кімге соғылады» – соғыс пен оның адамзатқа әсерін терең сипаттайды.
Психологизм және символизм	Астарлы монолог, психологиялық тереңдік, кейіпкердің ішкі әлемін нәзік жеткізу.	«Айсберг әдісі» – ішкі ойды әрекет арқылы жеткізу, астарлы мәнге құрылымдау.
С т и л ь д і к ерекшеліктер	Қысқа, нақты сөйлемдермен оқиғаларды ширақ беру (мысалы, «Қараш-Қараш оқиғасы») көрінеді.	Қысқа диалогтер, ықшам баяндау, ішкі монолог пен сыртқы әрекетті үйлестіру.
Философиялық-рухани бағдар	Адамгершілік, әділет, рух пен ар ұғымдарына негізделген гуманистік көзқарас.	Рухани беріктік, адам төзімі, өмір мен өлім мәселесіне философиялық көзқарас.

Сонымен қатар қос жазушының шығармаларында өлім мен өмірдің мәні, тағдыр мен таңдау мәселелері де сарындас бейнеленген. Хемингуэй шығармашылығында өлім бәрінен жиі көрінеді – соғыс, аңшылық, т.б. арқылы адам өлімі суреттеліп, өмірдің пәнилығы, соны түсінген адамның кез келген сәтті бағалауы қажет екендігі айтылмай астармен беріледі.

Зерттеушілер А.Н. Кущанова, А.С. Кушкимбаева, М. Әкиджи Әуезовтің қазақ халқының болмысын терең меңгерген қаламгер екенін, оның шығармаларында жетімге қамқорлық, батырлық рух және ұлттық мінездің көркем бейнеленгенін атап өтеді [15, 288-б.].

Әуезовте де «Дос – бедел дос», «Қилы заман», «Қорғансыздың күні» сынды шығармаларында өлім мен әділет мәселесі қатар өріліп, оқырманды өмірдің мәні туралы ойға қалдырады. Мысалы, «Қорғансыздың күнінде» қаһарлы боранда жалғыз қалған жетім қыз Ғазиза зорлықшыларға тап болып, шығарма соңы қыз өлімімен аяқталады, бұл трагедия оқырманның жанын тебіреніте отырып, қоғамның мерезін әшкерелейді, жақсы мен жаманның бітіспес күресін көрсетеді. Ал «Шал мен теңізде» Сантьягонің теңіз ортасында жападан-жалғыз табиғатпен күресі де символикалық мәнге ие: ол – өмір үшін күрес, мағына үшін күрес. Сантьяго жеңілсе де, жанында жас жігіт Манолін сынды шәкірт қалды, демек оның іс, мұраты жалғаса бермек. Әуезовтің көптеген кейіпкерлері де өздері жеңілсе де (Бақтығұл елінен безді, т.с.с.), олардың идеялары, өнегесі болашақ ұрпаққа ұстын болады. Осылайша, Хемингуэй мен Әуезов үшін де жеке адам өлімі – жалпы адамзаттық идеяның тоқтауы емес, керісінше, келер күнге сабақ болар үлгі.

Қорытынды

Жоғарыдағы талдаулар М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығындағы өзара үндестік пен ықпал арналарын айқындауға мүмкіндік береді. Қос жазушы да өз ұлтының әдебиетінде жаңашылдық әкелген, көркемсөздің хас шеберлері. Хемингуэйдің шығармалары Әуезовтің әдеби таным көкжиегіне еніп, оның кей туындыларында тақырыптық, стильдік, философиялық тұрғыда белгілі із қалдырғаны байқалады. Тақырыптық деңгейде – адам мен табиғаттың қарым-қатынасы, ерлік пен қайсарлық, зорлыққа қарсылық секілді ортақ сарындар анықталды. Стильдік тұрғыда – Хемингуэйдің нақтылық пен жинақылық әдісі Әуезов прозасынан да көрініс тауып, психологиялық талдаудағы тереңдік екеуіне де тән екені көрінді. Ал философиялық және рухани мәйекте – қос суреткер де жалпыадамзаттық құндылықтарды ту етіп, адам рухының жеңілмейтінін көрсететін оптимистік идеяларды ұсынды. Әрине, Әуезов шығармашылығы сан қырлы және оның қалыптасуына қазақ ауыз әдебиеті, шығыс әдеби дәстүрі, орыс, батыс классикасы мол ықпал еткені белгілі. Дегенмен, XX ғасырдың орта тұсында дүниежүзі оқырманын өз талантына табындырған Эрнест Хемингуэйдің көркемдік жетістіктері де қазақ қаламгерінің назарынан тыс қалған жоқ. Әуезов Хемингуэйдің суреткерлік ерлігі мен адамзаттық

тақырыптарды игерудегі машығынан үйрене отырып, оны өз топырағына шығармашылықпен қабылдады, өз өрнегін салды.

Түйіндей келе, Мұхтар Әуезов пен Эрнест Хемингуэй – ұлттық әдеби мұрадан бастау алып, әлемдік өреге көтерілген тұлғалар. Олардың рухани үндестігі мен көркемдік туыстығы – әдебиет зерттеушілері үшін құнды нысан болып қала береді. Бұл екі алыптың мұрасы – Шығыс пен Батыс мәдениетінің сұхбаттастығының жарқын үлгісі әрі әдеби ықпалдастықтың шекара танымайтындығының дәлелі.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ақтанова Ш.С. М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік: филол. ғылым. докт... дисс. – Семей: Шәкәрім университеті, 2023. – 126 б.

[2] Лазуткина О.А. Синтез литературного портрета и «принципа айсберга» в произведениях Э. Хемингуэя. // Международный научно-исследовательский журнал. – 2022. – № 5 (119), Часть 4. – С. 96–99. DOI: 10.23670/IRJ.2022.119.5.123

[3] Nurgali K. R., Suleimenova, Sh. B., & Bogdanova, Yu. V. Conflict and ways of individualizing mass images in early Kazakh prose // Journal of Language and Linguistic Studies. – 2021. – Т. 17, № 3. – С. 1277–1289. DOI: 10.52462/jlls.91.

[4] Beall J. Hemingway's Art of Revision: The Making of the Short Fiction. – Baton Rouge: Louisiana State University Press, 2024. – 310 p. – (Understanding the Rest of Hemingway's Iceberg). 27.04.2025.

[5] Тарақов Ә. С. Әлем әдебиеті және көркем аударма. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 355 б.

[6] Әуезов М. Қилы заман : повестер мен әңгімелер. – Алматы : Meloman Publishing, 2022. – 728 б.

[7] Stephens R. O. Hemingway's Old Man and the Iceberg – The Old Man and the Sea // Short Story Criticism / ed. A. S. Nesbitt. – Vol. 36. – Gale Cengage, 2000: <https://www.enotes.com/topics/old-man-and-the-sea/criticism/criticism/robert-o-stephens-essay-date-1961-62> (қаралған күні: 28.10.2025).

[8] Хемингуэй Эрнест. Шал мен теңіз. Повесттер. Аударғандар: Н. Әбуталиев, Н. Ғабдуллин. – Астана: Аударма, 2002. – 368 б.

[9] Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы: монография. – Астана: Елорда, 2003. – 424 б.

[10] Момбек А. А. Қазақ әдебиетіндегі «Соғыс» концептісі (М. Мақатаевтің шығармашылығы негізінде) // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. – 2024. – № 1. – Б. 493-508.

[11] Булычёва М. Ф. Актуальность изучения творчества Эрнеста Хемингуэя на сегодняшний день // Academic Research in Educational Sciences. – 2022. – Т. 3, № 3. – С. 298–304. DOI: 10.24412/2181-1385-2022-3-298-304.

[12] Әмірбаева Ш. М., Қонаев, Д. А., Пірәлі, Г. Ж. М. Әуезов пен Д.

Раджаби шығармалары: әдеби байланыс, жалпы мәдени мұра // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – №4 (75). – Б. 410-425.

[13] Хемингуэй Э. Қош бол, майдан! Шал мен теңіз. Килиманджаро – қарлы тау. Қызығы мол сол жылдар. – Астана: Аударма, 2004. – 568 б.

[14] Hemingway Ernest. The Old Man and the Sea. – Charles Scribner's Sons, 1952. – 127 p.

[15] Kuchshanova, A. N. Stylistic Features of Linguistic and Cultural Units in the Original Texts of M. Auezov's Works and Their Translations / A. N. Kuchshanova, A. S. Kushkimbayeva, M. Ekici // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. – 2023. – № 3. – Б. 281-292.

REFERENCES

[1] Akhtanova Sh. S. M. Äuezov pen E. Kheminguey shyğarmalaryndağy tanymdyq, kórkemdík ündestik: filol. gylym. dokt... diss. [Cognitive and artistic harmony in the works of M. Auezov and E. Hemingway: Doctoral dissertation in philology]. – Semey: Shakarim University, 2023. – 126 b. [in Kaz.]

[2] Lazutkina O. A. Sintez literaturnogo portreta i “printsipa aysberga” v proizvedeniyakh E. Khemingueya [Synthesis of the literary portrait and the “iceberg principle” in the works of E. Hemingway] // Mezhdunarodnyy nauchno-issledovatel'skiy zhurnal. – 2022. – No 5 (119), Part 4. – S. 96–99. DOI: 10.23670/IRJ.2022.119.5.123. [in Rus.]

[3] Nurgali K. R., Suleimenova, Sh. B., & Bogdanova, Yu. V. Conflict and ways of individualizing mass images in early Kazakh prose. // Journal of Language and Linguistic Studies. – 2021. – Vol. 17, No. 3. – P. 1277–1289. DOI: 10.52462/jlls.91.

[4] Beall J. Hemingway's Art of Revision: The Making of the Short Fiction. – Baton Rouge: Louisiana State University Press, 2024. – 310 p. (Understanding the Rest of Hemingway's Iceberg). 27.04.2025.

[5] Tarakov Ä. S. Älem ädebieti jäne kórkem audarma [World literature and literary translation]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2014. – 355 b. [in Kaz.]

[6] Äuezov M. Qily zaman: povester men ángímeler [Hard Times: Stories and Tales]. – Almaty: Meloman Publishing, 2022. – 728 b. [in Kaz.]

[7] Stephens R. O. Hemingway's Old Man and the Iceberg – The Old Man and the Sea // Short Story Criticism / ed. A. S. Nesbitt. – Vol. 36. – Gale Cengage, 2000. <https://www.enotes.com/topics/old-man-and-the-sea/criticism/criticism/robert-o-stephens-essay-date-1961-62> 28.10.2025.

[8] Kheminguey Ernest. Shal men teñiz. Povestter. Audarğandar: N. Äbutaliev, N. Ğabdullin [The Old Man and the Sea. Stories. Transl. by N. Abutaliev, N. Gabdullin]. – Astana: Audarma, 2002. – 368 b. [in Kaz.]

[9] Nұrgali R. Sğz óneriniń estetıkasy: monografıa [Aesthetics of verbal art: monograph]. – Astana: Elorda, 2003. – 424 b. [in Kaz.]

[10] Mombek A. A. Qazaq ádebietindegi «Sogys» konseptisi (M. Maqataevtiń shyǵarmashylyǵy negizinde) [The Concept of ‘War’ in Kazakh Literature (Based on the Works of Mukagali Makatayev)] // Abylai han atyndaǵy QazHqJáneÁTU Habarshysy. – 2024. – № 1. – B. 493–508. [in Kaz.]

[11] Bulychева M. F. Aktual’nost’ izucheniya tvorchestva Ernesta Khemingueya na segodnyashniy den’ // Academic Research in Educational Sciences. – 2022. – T. 3, № 3. – S. 298–304. DOI: 10.24412/2181-1385-2022-3-298-304. [in Rus.]

[12] Ämirbaeva Sh. M., Qonaev, D. A., Pıräli, G. Zh. M. Äuezov pen D. Radzhabi shyǵarmalary: ädebı baylanys, jalpy mädenı múra [The works of M. Auezov and D. Radzhabi: literary connection and common cultural heritage] // K. International Relations and World Languages University Bulletin. Series of Philological Sciences. – 2024. – No 4 (75). – B. 410–425. [in Kaz.]

[13] Kheminguei Ė. Qosh bol, maidan! Shal men teńiz. Kilimandjaro – qarly tau. Qyzyǵy mol sol jyldar / Ė. Kheminguei. – Astana: Audarma, 2004. – 568 b. [in Kaz.]

[14] Hemingway Ernest. The Old Man and the Sea. – Charles Scribner’s Sons, 1952. – 127 p.

[15] Kuchshanova A. N., Kushkimbayeva A. S., Ekici M. Stylistic Features of Linguistic and Cultural Units in the Original Texts of M. Auezov’s Works and Their Translations // Abylai han atyndaǵy QazHqJáneÁTU Habarshysy. – 2023. – № 3. – P. 281–292.

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ СОЗВУЧИЕ В ПРОЗЕ МУХТАРА АУЭЗОВА И ЭРНЕСТА ХЕМИНГУЭЯ

*Адилбекова Ж.Б.¹

^{*1}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
Астана, Казахстан

Аннотация. Данная статья направлена на анализ художественного сходства в прозе Мухтара Ауэзова и Эрнеста Хемингуэя с точки зрения сравнительного литературоведения. Основная цель исследования – выявить идейно-художественные параллели в творчестве двух писателей, принадлежащих к разным национальным и историко-культурным контекстам. В частности, рассматриваются такие универсальные темы, как связь человека с природой, стойкость духа, противостояние жизни и смерти, противостояние войне и насилию – и их отражение в прозе обоих авторов.

Научная новизна работы заключается в комплексном рассмотрении глубоких художественных и духовных созвучий между произведениями Ауэзова и Хемингуэя, а также в выявлении их особенностей в литературном контексте. Практическая значимость исследования определяется возможностью осмысления культурного взаимодействия и места художественных методов и стилистических поисков обоих авторов в глобальном литературном процессе.

В ходе исследования применялись методы компаративистики, интертекстуального анализа, стилистического и контент-анализа. Объектами анализа выступают такие произведения, как «Көксерек» и «Старик и море», «Қилы заман» и «Прощай, оружие!», «Қараш-Қараш оқиғасы» и «По ком звонит колокол».

В результате выявлено стремление обоих писателей к психологизму и символизму, использование таких художественных приемов, как «метод айсберга» и подтекстовый монолог. Также была проанализирована близость их морально-этических установок, выраженных через идеи гуманизма, духовной стойкости и борьбы за справедливость.

Предлагаемое исследование, акцентируя внимание на перспективах художественного взаимодействия казахской и мировой литературы, позволяет по-новому взглянуть на духовное родство творчества Ауэзова и Хемингуэя. Результаты работы могут быть использованы в области сравнительного литературоведения, культурологии и теории художественного перевода.

Ключевые слова: Ауэзов, Хемингуэй, сравнительное литературоведение, художественное родство, психологизм, символизм, гуманизм, метод айсберга, проза, человек и природа, литературное взаимодействие, тема войны, духовная связь

AESTHETIC CONTINUITY IN THE PROSE OF MUKHTAR AUEZOV AND ERNEST HEMINGWAY

* Adilbekova Z B. ¹

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. This article focuses on the analysis of artistic kinship in the prose of Mukhtar Auezov and Ernest Hemingway from the perspective of comparative literature studies. The main objective of the research is to identify the harmony of common ideas and aesthetic pursuits in the works of two writers shaped by different national and historical-cultural contexts. In particular, the article explores universal themes such as the relationship between humans and nature, spiritual resilience, the struggle between life and death, and resistance to war and violence – all comparatively examined through the prose of both authors.

The scientific novelty of the study lies in the comprehensive analysis of the profound artistic and spiritual affinities between the works of Auezov and Hemingway, as well as in identifying their literary characteristics. The practical significance of the research is explained by its potential to reveal intercultural interaction and the place of artistic techniques and stylistic approaches within the global literary process.

The study applies comparative, intertextual, stylistic, and content analysis methods. The research objects include such works as *Kokserek* and *The Old Man and the Sea*, *Qyly Zaman* and *A Farewell to Arms*, *The Qarash-Qarash Incident* and *For Whom the Bell Tolls*.

The results reveal both authors' focus on psychological depth and symbolism, and their use of such literary techniques as the "iceberg principle" and the implied monologue. The study also highlights the similarity of their moral and ethical perspectives, including themes of humanism, spiritual endurance, and the pursuit of justice.

This research offers new insights into the spiritual kinship between Auezov's and Hemingway's works, emphasizing the possibilities of artistic convergence between Kazakh and world literature. The findings can be applied in the fields of comparative literature, cultural studies, and translation theory.

Keywords: Auezov, Hemingway, comparative literature, artistic affinity, psychologism, symbolism, humanism, the iceberg method, prose, man and nature, literary interaction, war theme, spiritual connection

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 14.10.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.*

Автор туралы мәлімет:

Әділбекова Жанар Болатқызы – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша докторант, филология факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0001-0109-7743>, e-mail: zhanara-snowy@mail.ru

Информация об авторе:

Адилбекова Жанар Болатовна – докторант по специальности «Литературоведение», филологический факультет, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0001-0109-7743>, e-mail: zhanara-snowy@mail.ru

Information about the author:

Adilbekova Zhanar Bolatovna – doctoral student in «Literary studies», Faculty of Philology, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0001-0109-7743>, e-mail: zhanara-snowy@mail.ru